

Астрахан ауданы әкімдігінің 2010 жылдағы 12 сәуір № 78 "2010 жылға арналған Астрахан ауданы аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 маусымдағы № 173 қаулысы. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 шілдеде № 1-6-129 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011.01.19 № 34 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7 баптарына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астрахан ауданы әкімдігінің «2010 жылға арналған Астрахан ауданы аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгілеу туралы» 2010 жылғы 12 сәуір № 78 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-6-121 тіркелген, 2010 жылдың 7 мамырында «Маяк» газетінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«әлеуметтік- психологиялық оңалту курсынан өткен есірткіге тәуелділер.»

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Астрахан ауданы әкімінің орынбасары **М.Қ.Қожахметке** жүктелсін.

3. Осы қаулы Астрахан ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының
әкімінің міндетін атқарушы **М.Қожахмет**